

**"Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1125 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1382 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1125 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламада:

«Бағдарламаның паспорты» деген 1-бөлімде:

«Нысаналы индикаторлар» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«1. 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 2014 жылы жалпы қосылған құнның (бұдан әрі – ЖҚҚ) 30 %-ға өсуі.

2. Тіркелген спутниктік байланыс арналарына елдің қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі 2014 жылы – 80 %.

3. Дәлдігі жоғары спутниктік навигация қызметін көрсетуге елдің қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі (Қазақстан аумағын жабу %) 2014 жылы – 55 %.

4. 2014 жылы тұтынушыларға берілетін ғарыш деректерінің жалпы санындағы қазақстандық Жерді қашықтықтан зондтау (бұдан әрі – ЖҚЗ) ғарыш аппараттарынан (бұдан әрі – ҒА) алынатын деректердің үлесі – 50 %.

5. 2014 жылы ғылымды қажетсінетін кемінде 9 ғарыш технологиясын енгізу.»;

«Қаржыландыру көздері мен көлемдері» деген жолда: екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2010 – 2014 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға байланысты республикалық бюджеттен қаржы шығындары 137,7 млрд. теңгені құрайды.»;

«Ағымдағы жағдайды талдау» деген 3-бөлімде:

«Сала (сектор) жай-күйінің ағымдағы жағдайын, сондай-ақ осы саланың (сектордың) елдің әлеуметтік-экономикалық және бұқаралық-саяси дамуына әсерін бағалау» деген

3.1 - кіші бөлімде:

бесінші бөліктің үшінші абзацында «жоғары дәлдікті» деген сөздер «дәлдігі жоғары» деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бүгінде «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Протон», «Союз», «Днепр», «Зенит»

ғарыш зымыран кешендері (бұдан әрі – ҒЗК) жұмыс істейді, соңғысының негізінде « Бәйтерек» ҒЗК құру жоспарлануда.»;

«Орын алып отырған проблемаларды шешу жөнінде Қазақстан Республикасының жағдайына бейімдеуге болатын шетелдік оң тәжірибеге шолу» деген 3.5-кіші бөлімде:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Space Foundation» (АҚШ) компаниясының 2012 жылғы есебінің деректеріне сәйкес

:

1) әлемдік ғарыш нарығының жиынтық көлемі соңғы 5 жылдың ішінде 37 % өсті және 304,3 млрд. АҚШ долларын құрады;

2) ұшыру саны 2012 жылы 78 құрады, бұл 2011 жылғы 84 ұшырумен салыстырғанда 7 % төмен, бірақ 2010 жылғы 74 ұшырудан 5 % артық;

3) 78 ұшырудың ішінде: 31 % – Ресейге, 24 % – Қытайға, 17 % – АҚШ-қа, 10 % – Еуропаға, 4 % – АҚШ-тың, Ресейдің, Украинаның, сондай-ақ Норвегияның қатысуымен «Морской старт»/«Наземный стартқа» келеді және 14 %-дан кемі Жапонияға, Үндістанға, Солтүстік Кореяға, Оңтүстік Кореяға және Иранға келеді.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Euroconsult» компаниясының деректеріне сәйкес 2012 жылы мыналар байқалды:

1) азаматтық ғарыш жобаларына үкіметтердің шығыстары 4 % өсті, бұл 41,5 млрд. АҚШ долларын құрайды ;

2) әскери ғарыш секторына шығыстар 3 % өсті, бұл 31,4 млрд. АҚШ долларын құрайды . » ;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Елдердің ғарыш бағдарламаларына ұлғайтылған шығыстары АҚШ-та 43 млрд. АҚШ долларынан (барлық әлемдік үкіметтік шығыстардың 61 %) Үндістандағы 1 млрд .-тан астам АҚШ долларына дейін құрады.»;

«Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген 4-бөлімде:

«Бағдарламаның нысаналы индикаторлары» деген 4.2-кіші бөлімде:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаны іске асыру тиімділігі мынадай индикаторлар бойынша айқындалатын болады: 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 2014 жылы ЖҚҚ-ның 30 %-ға өсімі қамтамасыз етілуі тиіс.

Бағдарлама табысты іске асырылған жағдайда ғарыш қызметі бекітілген спутник байланысы арналарына еліміздің қажеттілігін 80 % қанағаттандыруы тиіс, Қазақстан аумағының 55 % дәлдігі жоғары спутниктік навигация қызметін пайдалануы тиіс. Тұтынушыларға берілетін ғарыш деректерінің жалпы санындағы қазақстандық ЖҚЗ ҒА деректерінің үлесі – 50 %-дан кем болмауы тиіс. 2014 жылы ғылымды қажетсінетін кемінде 9 ғарыш технологиясы енгізілуі тиіс.»;

«Бағдарламаның міндеттері» деген 4.3-кіші бөлімде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ғарыш жүйелерін пайдаланудың нысаналы жобаларын іске асыру;»;

«Бағдарламаның әрбір міндеті бойынша белгіленетін нәтижелер көрсеткіштері»

деген 4.4-кіші бөлімде:

1-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«KazSat-2» ҒА-ның жалпы сыйымдылығынан 75 %-ға және «KazSat-3» ҒА пайдаланудың бірінші жылында ҒА жалпы сыйымдылығынан 7 %-ға дейін жүктелуін

қамтамасыз ету;»;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2014 жылдан бастап тәулігіне ауданы 1 млн. шаршы км дейінгі орта шешімді ғарыш түсірілімдерімен тұтынушыларды қамтамасыз ету;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жерүсті ғарыш инфрақұрылымын дамыту мынадай нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

«Зенит» ЗТ негізінде «Бәйтерек» ҒЗК-ін құру;

ҚұСК ғимаратын салу және оның негізгі сынау жабдығын монтаждау үшін дайындау. ҒА ҚұСК 2015 жылы пайдалануға берілетін болады.»;

«Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар» деген 4.5-кіші бөлімде:

бірінші бөлікте:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;»;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі;»;

мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі;»;

екінші бөліктегі «Ғарыштық байланыс және радиотехникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы» АҚ» деген сөздер «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Бағдарламаны іске асыру кезеңдері» деген 5-бөлімде:

үшінші бөлікте:

төртінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«ЖҚЗ ҒЖ пайдалану жөнінде, жеке ҒА ҚұСК құру жұмыстары бойынша тәжірибе жинақтау және мамандарды қосымша оқыту;

ҒА жобалау және ҒА жинақтауыштарын өндіру технологияларын игеру;»;

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Байқоңыр» ғарыш айлағында экологиялық қауіпсіз «Зенит» ЗТ негізінде «Бәйтерек» ҒЗК құру. Аталған ҒЗК-ні құру «Зенит» ЗТ-ны дайындау барысында қолданылатын қажетті ұйымдық-өкімдік және нормативтік құқықтық құжаттарды дайындау, Ресей Федерациясының нормативтік-техникалық құжаттарды беруі және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының нормативтік базаларын кейіннен үйлестіру жөніндегі жұмыстарды, жалдан шығаруды кезінде қабылдау және қолдану үшін кешен жүйелері мен агрегаттарын пайдалану құрамы мен ерекшеліктері бойынша қазақстандық ұйымның қызметкерлерін шарттық негізде практикалық оқытуды жүргізуді; «Зенит» ЗТ-ның техникалық және старттық кешендерін жалдан шығаруды және оларды Қазақстан Республикасының қабылдап, пайдаланушы ұйымға одан әрі беруін; «Зенит» ЗТ-ны пайдалану, дайындау және ұшыру бойынша бірлескен есептеу құрамындағы кешен агрегаттары мен жүйелерінде дербес жұмысқа мамандардың дайын болуына қарай жалдан шығарылған объектілерді пайдаланғаны үшін қазақстандық ұйымдарға жауапкершілікті біртіндеп көшіруді, «Бәйтерек» ҒЗК-ні одан әрі жаңғыртуды (реконструкциялауды) көздейді;»;

үшінші және төртінші бөліктер алынып тасталсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің бірі ҒА ҚұСК салу және ҒТ АКТБ құру  
б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

«Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері» деген 6-бөлімде:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыруға байланысты қаржылық шығындар 137 651 966 мың теңгені құрайды, оның ішінде жылдар және қаржыландыру көздері б о й ы н ш а :

2010 ж. – республикалық бюджет – 14 775 613 мың теңге;

2011 ж. – республикалық бюджет – 39 294 012 мың теңге;

2012 ж. – республикалық бюджет – 35 713 989 мың теңге;

2013 ж. – республикалық бюджет – 29 190 314 мың теңге;

2014 ж. – республикалық бюджет – 18 678 038 мың теңге.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық бюджет, барлығы – 137 651 966 мың теңге.»;

«Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 7-б ө л і м д е :

реттік нөмірлері 1.1, 1.1.2, 1.2, 2.1, 2.2, 2.2.1, 2.2.2, 2.2.3, 2.2.4, 2.3, 3.1, 4.1, 5.1, 5.2, 5.3, 6.2, 6.3, 6.4, 6.5, 6.6, 6.9, 6.10-жолдардың 3-бағанындағы «ЭДСМ» деген аббревиатура «ЭБЖМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

«Мақсатты ғарыш жүйелерін құру» деген 1-кіші бөлімде:

реттік нөмірі 1.1 - жолда :  
 6, 7, 8, 9, 10, 11-бағандарда «5 941 818», «7 795 342», «11 481 844», «8989308», «2803996», «37012308» деген сандар «5812200», «6519503», «10500000», «8000000», «0», «30831703» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.1.2 - жолда :  
 5-бағанда «2013 жылғы 4-тоқсан» деген сөздер «2014 жылғы 2-тоқсан» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1.1.4-жол алынып тасталсын;  
 реттік нөмірі 1.2 - жолда :

9, 10, 11-бағандарда «0», «0», «33210233» деген сандар «11298503», «5433039», «49941775» деген сандармен ауыстырылсын;  
 мынадай мазмұндағы 1.4-жолмен толықтырылсын:

1.4.	Ғарыш аппараттарының басқарылуын қамтамасыз ету	ЭБЖМ-ге аппарат	ҰҒА, «ҚҒС» ҰК» АҚ (2014 жылғы 4 - тоқсан келісім бойынша), «РҒБО» АҚ (келісім бойынша)	129618	1 275839	1 199158	1 242025	3 666476	7 513116	009 РБ
------	-------------------------------------------------	-----------------	----------------------------------------------------------------------------------------	--------	----------	----------	----------	----------	----------	--------

«Жерүсті ғарыш инфрақұрылымын дамыту» деген 2-кіші бөлімде:  
 реттік нөмірі 2.1 - жолда :

2, 5-бағандарда «Ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенін құру», «2013 жылғы 4-тоқсан» деген сөздер «ҚұСК ғимаратын құру», «2014 жылғы 4-тоқсан» деген сөздермен ауыстырылсын;

9, 10, 11-бағандарда «0», «0», «2050616» деген сандар «7000000», «8300755», «35807371» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.2 - жолда :  
 5-бағанда «2016 жылғы 4-тоқсан» деген сөздер «2014 жылғы 4-тоқсан» деген сөздермен ауыстырылсын;

8, 9, 10, 11-бағандарда «909138», «990958», «830187», «6531551» деген сандар «238474», «271438», «201396», «4512576» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.2.1 - жолда :

2, 5-бағанда «Бәйтерек» ҒЗК салу», «2016 жылғы 4-тоқсан» деген сөздер «Зенит-М» ҒЗК жалдан алу және қазақстандық тарапына тапсыру бойынша дайындық жұмыстар», «2014 жылғы 4-тоқсан» деген сөздермен ауыстырылсын;

8, 9, 10, 11-бағандарда «670664», «725634», «725634», «5709549» деген сандар «0», «0», «0», «3587617» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 2.2.2, 2.2.4, 2.3, 3.1, 5.1, 6.1, 6.2, 6.3, 6.4, 6.5, 6.6, 6.9, 6.10-жолдардың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
 «2014 жылғы 4-тоқсан»;

реттік нөмірі 2.2.3-жолда:  
9, 10, 11-бағандарда «104553», «104553», «445034» деген сандар «100892», «101396», «438236» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.2.4-жолда:  
9, 10, 11-бағандарда «160771», «0», «376948» деген сандар «170546», «100000», «486723» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-технологиялық базасын дамыту» деген 3-к і ш і б ө л і м д е :

реттік нөмірі 3.1-жолда:  
8, 9, 10, 11-бағандарда «700000», «0», «0», «2165075» деген сандар «1010000», «1010000», «1010000», «4495075» деген сандармен ауыстырылсын;

«4. Соңғы тұтынушылардың ғарыш жүйелерін қолдану мақсатты жобаларын іске асыру» деген кіші бөлімде «Соңғы тұтынушылардың» деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 4.1-жолда:  
2-бағанда «жоғары дәлдікті» деген сөздер «дәлдігі жоғары» деген сөздермен ауыстырылсын;

9, 11-бағандарда «0», «3765573» деген сандар «144742», «3910315» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ғарыш саласы үшін кәсіби мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру» деген 5-к і ш і б ө л і м д е :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Ғарыш саласының кадрлық әлеуетін дамыту жүйесін қалыптастыру»;

реттік нөмірі 5.1-жолда:  
9, 11-бағандарда «50000», «250000» деген сандар «208305», «408305» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ғарыш саласының шарттық, құқықтық және нормативтік-техникалық базасын құру» деген 6-к і ш і б ө л і м д е :

реттік нөмірі 6.2-жолда:  
6, 9, 10, 11-бағандарда «17605», «0», «0», «53184» деген сандар «18532», «15301», «16372», «84857» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6.11-жолда:  
5-бағанда «2011 ж 2012 ж» деген сөздер «2012 жылғы 4-тоқсан» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Іс-шаралар бойынша барлығы» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

Іс-шаралар бойынша барлығы	14 775 613	39 294 012	35 713 989	29 190 314	18 678 038	137 651 966	РБ
----------------------------	---------------	---------------	---------------	---------------	---------------	----------------	----

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:  
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау

министрлігі» ;

«ҒБРО» АҚ – «Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы» акционерлік қоғамы» деген жол мынадай редакцияда жазылсын :

«РҒБО» АҚ – «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК